

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ДЕКЛАРАЦИЯ

Осы Инвестициялық декларация «Alatau City Invest» АҚ (бұдан әрі – Инвестициялық портфельді басқарушы) басқаруына берілген зейнетақы активтеріне қатысты инвестициялау объектілерінің тізімін, инвестициялық қызметтің мақсатын, стратегиясын, шарттарын және шектеулерін белгілейді.

1. ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІН ИНВЕСТИЦИЯЛАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН СТРАТЕГИЯСЫ

- 1.1 Қоғам зейнетке шығу мерзімі үш жылдан асатын міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың зейнетақы активтерінен тұратын және 36 (отыз алты) айдың қорытындысы бойынша есептелетін кірістілік мәні ең төмен болатын инвестициялық портфельді қалыптастырады (бұдан әрі - Инвестициялық портфель);
- 1.2 Зейнетақы активтерін басқарудың мақсаты Қазақстан Республикасы азаматтарының зейнет жасы бойынша жинақтарын сақтау және көбейту болып табылады.
- 1.3 Инвестициялау стратегиясы:
Инвестициялық стратегияның негізгі мақсаты - қабылданған тәуекел деңгейін ескере отырып, тиісті бенчмарк нәтижелерінен асатын кірістілікке қол жеткізу.
- 1.4 Бенчмарк келесі құрамнан тұратын құрамдас индекс болып табылады:
 - 20 (жиырма) пайыз - KASE индексі;
 - 20 (жиырма) пайыз - KZGB_DPm индексі;
 - 40 (қырық) пайыз - MSCI ACWI индексі (MXWD индексі) (Морган Стэнли Кэпитал Интернешнл Олл Кантри Ворлд Индексі);
 - 20 (жиырма) пайыз - Bloomberg Global Aggregate Total Return Index Value Hedged USD (LEGATRUH индексі) (Блумберг Глобал-Агригейт Тотал Ретен Индекс Валю Хэджед ЮСД).
- 1.5 Жоғары кірістілікке қол жеткізу мақсатында Инвестициялық портфельдің құрамы Бенчмарктың құрамынан және оның салмақтарынан ерекшеленуі мүмкін;
- 1.6 Инвестициялық портфельдің тәуекел көрсеткіші (стандартты ауытқу) қатарынан он екі (12) айлық кезең ішінде құрамдас индексінің тәуекел көрсеткішінен (стандартты ауытқу) 1,2 (бір бүтін оннан екі) еседен артық аспайды.
- 1.7 Инвестициялық портфельді қайта теңгерімдеу жарты жылда кемінде 1 (бір) рет жүргізіледі.
- 1.8 Валюталық әртараптандыру құрамдас индекске кіретін үлестік және борыштық бағалы қағаздарға инвестициялау арқылы жүзеге асырылады, бұл ретте шетел валютасында есептелетін қаржы құралдарына инвестициялардың жалпы сомасы Инвестициялық портфельдегі зейнетақы активтері құнының 60%-нан аспайды.

1.9 Зейнетақы активтері бойынша жол берілетін ең жоғары шығындар мөлшері зейнетақы активтері құнының 20%-ын құрайды.

2. ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ШАРТТАРЫ МЕН ШЕКТЕУЛЕРІ

2.1. Зейнетақы активтері есебінен қаржы құралдарымен мәмілелер мыналармен жасалмайды:

2.1.1 инвестициялық портфельді басқарушының үлестес тұлғалары¹;

2.1.2 осы инвестициялық портфельді басқарушының ірі акционерлеріне қатысты инвестициялық портфельді басқарушының акцияларын сенімгерлік басқарушылар;

2.1.3 инвестициялық портфельді басқарушының ірі акционерлері шығарған акцияларды және (немесе) инвестициялық портфельді басқарушының ірі акционерлерінің жарғылық капиталына қатысу үлестерін сенімгерлік басқарушылар;

2.1.4 2.1) бөлімнің 2.1.2) және 2.1.3) тармақшаларында көрсетілген сенімгерлік басқарушылардың үлестес тұлғалары.

2.2. 2.1) бөлімінің 2.1.1) тармақшасында көрсетілген нормалар ұйымдастырылған нарықта ашық сауда әдісімен жасалған мәмілелерге, сондай-ақ заңнамамен қарастырылған басқа жағдайларға қолданылмайды.

2.3. Инвестициялық портфельді басқарушы зейнетақы активтері есебінен, KASE индексіне кіретін үлестік қаржы құралдарын қоспағанда, осы тармақтың 2.1.1- тармақшасында көрсетілген тұлғалар шығарған (ұсынған) үлестік қаржы құралдарын, көрсетілген үлестік қаржы құралдарына айырбасталатын борыштық қаржы құралдарын, сондай-ақ құрылымдық өнімдерді² сатып алу жөнінде шешімдер қабылдамайды.

2.4. Бір тұлға және оның үлестес тұлғалары шығарған (берген) қаржы құралдарына зейнетақы активтері есебінен инвестициялардың жиынтық мөлшері инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері құнының 10 (он) пайызынан аспауға тиіс.

Осы тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген, бір-біріне қатысты үлестес тұлғалар шығарған (ұсынған) инвестициялардың жиынтық мөлшеріне шектеулер, дауыс беретін акцияларынан 50 (елу) пайыздан астамы мемлекетке немесе ұлттық басқарушы холдингке немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің меншігіне тиесілі, бір-біріне қатысты үлестес тұлғалар шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына қатысты қолданылмайды.

Осы тармағының бірінші бөлігінде белгіленген шектеулер мемлекеттік бағалы қағаздарға және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің еншілес ұйымдары шығарған қаржы құралдарына, сондай-ақ орталық контрагенттің қатысуымен жасалған «кері репо» операциясының мәні болып табылатын қаржы құралдарына қолданылмайды.

Осы тармағының бірінші бөлігінде белгіленген шектеулер, активтердің құрылымы MSCI ACWI индексі (Morgan Stanley Capital International All Country World Index) немесе Bloomberg Global-Aggregate индексіне қайталайтын Exchange Traded Funds (ETF) пайларына, немесе бағалары аталған индекстерге байланысты қаржы құралдарына қолданылмайды.

¹ Өздеріне берілген өкілеттік аясында бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда, ешкімдерді тікелей не жанама түрде айқындайтын және (немесе) бір-бірімен, яғни тұлғалардың бірімен қабылданатын шешімдерге, оның ішінде тізімі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жасалған мәмілеге орай ықпал етуге мүмкіндігі бар жеке немесе заңды тұлғалар.

² Құрылымдық өнімдер деп шығару шарттары осы қаржы құралы бойынша негізгі борыш және (немесе) сыйақы сомалары төлемдерінің оны шығару шарттарында берілген көрсеткіштерге қол жеткізуге және (немесе) оқиғалардың туындауына тәуелділігін көздейтін қаржы құралдарын айтады.

2.5. Зейнетақы активтері есебінен инвестициялардың осы зейнетақы активтерін есепке алуды және сақтауды жүзеге асыратын кастодианның банк шоттарындағы шетел валютасындағы қалдықтарды қоса алғанда, шетел валютасында номиналданған қаржы құралдарына жиынтық мөлшері инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері құнынан 80 (сексен) пайыздан кем болады.

2.6. Зейнетақы активтері есебінен эмитенттің бір шығарылымының борыштық бағалы қағаздарына инвестициялардың жиынтық мөлшері эмитенттің осы шығарылымының орналастырылған борыштық бағалы қағаздарының жалпы санынан 50 (елу) пайыздан кем болады.

2.7. Қазақстан Республикасының ұйымы шығарған акцияларға, оның ішінде депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акцияларға зейнетақы активтері есебінен инвестициялардың жиынтық мөлшері осы эмитенттің дауыс беретін акцияларының жалпы санынан 10 (он) пайыздан кем болады.

2.8. Егер бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры өзінің интернет-ресурсында жариялаған зейнетақы активтері есебінен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық портфельдің құрылымы туралы ақпаратына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және инвестициялық портфельді басқарушылардың сенімгерлік басқаруындағы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері есебінен инвестициялардың жалпы сомасы 10 (он) пайыздан асатын болса, инвестициялық портфельді басқарушы Қазақстан Республикасының ұйымы шығарған акцияларды, оның ішінде депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акцияларды зейнетақы активтері есебінен сатып алу туралы шешім қабылдамайды.

2.9. Зейнетақы активтерін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкіндегі депозиттерге (салымдарға) орналастыру мерзімі 36 (отыз алты) айдан, шетелдік банктерде – 12 (он екі) айдан аспайды.

Төменде зейнетақы активтерін басқару аясында инвестициялауға болатын рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесі берілген:

№	Қаржы құралының атауы
1	Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (оның ішінде шет мемлекеттердің заңнамасына сәйкес бастама жасалған)
2	Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған борыштық бағалы қағаздар
3	Акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі заңды тұлға шығарған борыштық бағалы қағаздар
4	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес «Қазақстанның Даму Банкі», «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры, «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі, «Проблемалық кредиттер қоры» акционерлік қоғамдары шығарған борыштық бағалы қағаздар.

5	<p>Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар, келесі шарттардың бірі орындалған жағдайда: Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BB»-ден төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар немесе Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) ұлттық шкаласы бойынша «kzA»-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар банктер; Бейрезидент бас банкінің Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «A»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар резидент еншілес банктері болып табылатын банктер</p>
6	<p>Бейрезидент банктердегі салымдар, Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «A»-дан төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар банктер</p>
7	<p>Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BB+»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар мынадай халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар: Азия даму банкі (the Asian Development Bank); Америкааралық даму банкі (the Inter-American Development Bank); Африка даму банкі (the African Development Bank); Еуропа қайта құру және даму банкі (the European Bank for Reconstruction and Development); Еуропа инвестициялық банкі (the European Investment Bank); Еуропалық Кеңестің Даму Банкі; (the Council of Europe Development Bank); Жеке Секторды Дамыту жөніндегі Ислам Корпорациясы (the Islamic Corporation for the Development of the Private Sector); Ислам даму банкі (the Islamic Development Bank); Инвестициялар Кепілдігінің Көпжақты Агенттігі (the Multilateral Investment Guarantee Agency); Скандинавиялық инвестициялық банк (the Nordic Investment Bank); Халықаралық валюта қоры (the International Monetary Fund); Халықаралық даму қоғамдастығы (the International Development Association); Инвестициялық Дауларды Реттеу жөніндегі Халықаралық Орталық (the International Centre for Settlement of Investment Disputes); Халықаралық қайта құру және даму банкі (the International Bank for Reconstruction and Development); Халықаралық қаржы корпорациясы (the International Finance Corporation); сондай-ақ, жарғылық капиталындағы Қазақстан Республикасының үлесі кемінде 25%-ды құрайтын халықаралық қаржы ұйымы шығарған бағалы қағаздар</p>

8	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BB+»-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар
9	Шетелдік ұйымдар шығарған мемлекеттік емес бағалы қағаздар: Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BB»-ден төмен емес рейтингтік бағасы немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шетелдік эмитенттердің акциялары және базалық активі осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттар; негізгі қор индекстерінің құрамына кіретін шетелдік эмитенттердің акциялары және базалық активі осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттар; Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BB»-ден төмен емес рейтингтік бағасы немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің осындай деңгейдегі рейтингтік бағасы бар борыштық бағалы қағаздар
10	Қазақстан Республикасының немесе басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған мемлекеттік емес бағалы қағаздар: ор биржасында инвесторлардың ауқымды тобы арасында жария ұсыныс (сату) шеңберінде орналастырылған (орналастырылатын) Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік секторы эмитенттерінің акциялары және (немесе) осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар; қор биржасының ресми тізіміне «Негізгі» алаңының «акциялар» секторы «премиум» санатының талаптарына сәйкес келетін, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген заңды тұлғалардың акциялары және базалық активі осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттар негізгі қор индекстерінің құрамына кіретін заңды тұлғалардың акциялары; Қазақстан Республикасының немесе басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «B+»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар немесе Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) ұлттық шкаласы бойынша «kzBBB»-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар борыштық бағалы қағаздар; осы эмитенттің бұрын шығарылған бағалы қағаздарына не өзге міндеттемелеріне айырбастау мақсатында эмитент міндеттемелерін қайта құрылымдау шеңберінде шығарылған бағалы қағаздар
11	Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес шағын немесе орта кәсіпкерлікке жатқызылған субъектілер шығарған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар, сомасы осы мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздардың номиналдық құнының кемінде 50 (елу) пайызын өтейтін «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының және (немесе) «Қазақстан Даму банкі» акционерлік қоғамының кепілдігі бар және қор биржасының ресми тізімінің «Негізгі» не «Баламалы» алаңдары «борыштық бағалы қағаздар» секторына енгізілген борыштық бағалы қағаздар
12	Morningstar рейтингтік агенттігінің «3 жұлдыздан» төмен емес рейтингтік бағасы бар Exchange Traded Funds (Эксчейндж Трэйдэд Фандс), Exchange Traded Commodities (Эксчейндж Трэйдэд Коммодитис), Exchange Traded Notes (Эксчейндж Трэйдэд Ноутс) пайлары

13	Басқарушы компаниясы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылатын аралық инвестициялық пай қорларының пайлары, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, қор биржасының ресми тізімі «Аралас» алаңының «инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары» секторының талаптарына сәйкес келетін аралық инвестициялық пай қорларының пайлары
14	Активтерінің құрылымы негізгі қор индекстерінің бірінің құрылымын қайталайтын немесе пайлары бойынша баға белгілеу негізгі қор индекстеріне байланыстырылған Exchange Traded Funds (ETF) (Эксчейндж Трэйдэд Фандс) пайлары
15	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BBB»-ден төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің осындай деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетел валютасы
16	Аффинирленген бағалы металдар; Лондон бағалы металдар нарығының қауымдастығы (London bullion market association) қабылдаған және «Лондондық сапалы өнім беру» («London good delivery») стандарты ретінде осы қауымдастықтың құжаттарында белгіленген халықаралық сапа стандарттарына сай келетін тазартылған бағалы металдар және Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің «AA»-ден төмен емес рейтингтік бағасы немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің осындай деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктеріндегі он екі айдан аспайтын мерзімге металл депозиттер
17	Хеджирлеу мақсатында жасалған, базалық активі осы Тізбеге сәйкес зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдары болып табылатын мынадай туынды қаржы құралдары: опциондар; фьючерстер; форвардтар; своптар; жоғарыда аталған туынды қаржы құралдарының жиынтығы болып табылатын туынды қаржы құралдары
18	MSCI ACWI индексінің (Morgan Stanley Capital International All Country World Index) талаптарына сай келетін және MSCI ACWI индексіне (Morgan Stanley Capital International All Country World Index) кіретін акциялар
19	Moody's, S&P және Fitch рейтингілік шкаласы бойынша Ваа3/BBB-/BBB- кем емес рейтингке ие, Bloomberg Global-Aggregate Index (Блумберг Глобал-Агригейт Индекс) талаптарына сай келетін және Bloomberg Global-Aggregate Index (Блумберг Глобал-Агригейт Индекс) құрамына кіретін борыштық бағалы қағаздар
20	Активтер құрылымы MSCI ACWI индексі (Морган Стэнли Кэпитал Интернешнл Олл Кантри Ворлд Индекс) немесе Bloomberg Global-Aggregate индексі (Блумберг Глобал-Агригейт Индекс) құрамдық компоненттерін қайталайтын, немесе бағалары осы индекстердің құрамдық компоненттеріне байланысты Exchange Traded Funds (ETF) пайлары.

Ескерту:

Осы Тізімнің мақсаттары үшін негізгі қор нарығы индекстері деп келесі есептік көрсеткіштер (индекстер) түсіндіріледі:

- Bloomberg Global-Aggregate Index (Блумберг Глобал-Агригейт Индекс);
- CAC 40 (Compagnie des Agents de Change 40 Index) (Компани дэ Эжон дэ Шанж 40 Андэкс);

- CSI 300 (Shanghai Shenzhen CSI 300 Index) (Шанхай Шенжен Си Эс Ай 300 Индекс);
- DAX (Deutscher Aktienindex) (Дойтче Акциениндекс);
- DJIA (Dow Jones Industrial Average) (Доу Джонс Индастриал Эвередж);
- FTSE 100 (Financial Times Stock Exchange 100 Index) (Файнэншл Таймс Сток Эксчейндж 100 Индекс);
- HSI (Hang Seng Index) (Ханг Сенг Индекс);
- KASE (Kazakhstan Stock Exchange Index) (Казакстан Сток Эксчейндж Индекс);
- KOSPI 200 (Korea Exchange KOSPI 200 Index) (Корея Эксчейндж Кэй Оу Эс Пи Ай 200 Индекс);
- MSCI ACWI Index (Morgan Stanley Capital International All Country World Index) (Морган Стэнли Кэпитал Интернешнл Олл Кантри Ворлд Индекс);
- MSCI World Index (Morgan Stanley Capital International World Index) (Морган Стэнли Кэпитал Интернешнл Ворлд Индекс);
- MOEX Russia (Moscow Exchange Russia Index) (Москоу Эксчейндж Раша Индекс);
- NASDAQ-100 (Nasdaq-100 Index) (Насдак-100 Индекс);
- NIKKEI 225 (Nikkei-225 Stock Average Index) (Никкэй-225 Сток Эвередж Индекс);
- Russell 1000 (The Russell 1000 Index) (Зэ Рассэл 1000 Индекс);
- RTSI (Russian Trade System Index) (Рашен Трейд Систем Индекс);
- S&P 500 (Standard and Poor's 500 Index) (Стандард энд Пурс 500 Индекс);
- STOXX Europe Large 200 (The STOXX Europe Large 200 Index) (Зэ Эс Ти Оу Экс Экс Юроп Лардж 200 Индекс);
- TOPIX 100 (Tokyo Stock Price 100 Index) (Токио Сток Прайс 100 Индекс).

3. АКТИВТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІН ИНВЕСТИЦИЯЛАУ ЛИМИТТЕРІ

Белгіленген шектеулерді сақтай отырып және жоғарыда сипатталған тәсілдерді қолдана отырып, Басқарушы компания зейнетақы активтерін келесідей инвестициялай алады:

№	Қаржы құралының атауы	Портфельдегі үлесі (%)
1	Жергілікті валютадағы ақшалай қаражат – тенге (KZT)	100% соның ішінде
2	Кері РЕПО	100% соның ішінде
3	Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (оның ішінде шет мемлекеттердің заңнамасына сәйкес эмиссияланған)	100% соның ішінде
4	Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған борыштық бағалы қағаздар	30% соның ішінде
5	Акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі заңды тұлға шығарған борыштық бағалы қағаздар	30% соның ішінде
6	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес «Қазақстанның Даму Банкі», «СамұрықҚазына» ұлттық әл-ауқат қоры, «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі, «Проблемалық кредиттер қоры» акционерлік қоғамдары шығарған борыштық бағалы қағаздар	20% соның ішінде
7	Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар	10% соның ішінде
8	Бейрезидент банктердегі салымдар	30% соның ішінде
9	Халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар	50% соның ішінде

10	Шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар	50% соның ішінде
11	Шетелдік ұйымдар шығарған мемлекеттік емес бағалы қағаздар: <ul style="list-style-type: none"> • акциялары және (немесе) осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар; • негізгі қор нарығы индекстеріне кіретін шетелдік эмитенттердің акциялары және осы акцияларға негізделген депозитарлық қағаздар; • борыштық бағалы қағаздар 	80% соның ішінде
12	Қазақстан Республикасының немесе басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған мемлекеттік емес бағалы қағаздар: <ul style="list-style-type: none"> • акциялары және (немесе) осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар; • борыштық бағалы қағаздар; • осы эмитенттің бұрын шығарылған бағалы қағаздарына не өзге міндеттемелеріне айырбастау мақсатында эмитент міндеттемелерін қайта құрылымдау шеңберінде шығарылған бағалы қағаздар 	60% соның ішінде
13	Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес шағын немесе орта кәсіпкерлікке жатқызылған субъектілер шығарған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар	3% соның ішінде
14	Exchange Traded Funds (ETF), Exchange Traded Commodities (ETC), Exchange Traded Notes (ETN) пайлары	100% соның ішінде
15	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылатын аралық инвестициялық пай қорларының пайлары	20% соның ішінде
16	Шетел валютасы	60% соның ішінде
17	Аффинирленген бағалы металдар	20% соның ішінде
18	Туынды қаржы құралдары	50% соның ішінде
19	MSCI ACWI индексінің (Morgan Stanley Capital International All Country World Index) талаптарына сай келетін және MSCI ACWI индексіне (Morgan Stanley Capital International All Country World Index) кіретін акциялар	60% соның ішінде
20	Bloomberg Global-Aggregate Index (Блумберг Глобал-Агригейт Индекс) талаптарына сай келетін және Bloomberg Global-Aggregate Index (Блумберг Глобал-Агригейт Индекс) құрамына кіретін борыштық бағалы қағаздар	40% соның ішінде

Ашық валюта позициясына қойылатын шектеулер:

№	Ашық валюта позициясы	Шектеу (сенімгерлік басқарудағы зейнетақы активтерінің құнына қатысты, % түрінде)
1	Шетел валютасындағы ашық валюта позициясы	60% соның ішінде

4. ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІН ХЕДЖИРЛЕУ ЖӘНЕ ӨРТАРАПТАНДЫРУ ТАЛАПТАРЫ

4.1 Зейнетақы активтерін пайдалана отырып, туынды қаржы құралдарымен мәмілелер тек туынды қаржы құралдарының базалық активі зейнетақы активтер құрамына енгізілген жағдайда ғана

хеджирлеу мақсатында жасалады.

4.2 Тәуекелдерді азайту мақсатында портфельді әртараптандыру зейнетақы активтерін әртүрлі қаржы құралдарына бөлу арқылы жүзеге асырылады, оның ішінде келесі критерийлер бар:

- қаржы құралдарының түрлері және (немесе) басқа активтер бойынша;
- елдік белгілер бойынша;
- салалық белгілер бойынша;
- қаржы құралдарының номиналын есептеген валюталар бойынша;
- эмитенттер бойынша, сондай-ақ сол эмитенттің қаржы құралдарының түрлері бойынша.

5. НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

5.1 Зейнетақы активтеріне келесі қауіптер төнуі мүмкін:

- саяси жағдайдың өзгеру мүмкіндігімен байланысты, экспроприация, ұлттандыру, экономиканың ерекше мемлекеттік мүдделі салаларына инвестицияны шектеуге бағытталған саясатты жүргізу, энергия бағасының төмендеуі және басқа да жағдайлармен байланысты саяси және экономикалық тәуекелдер;
- көптеген қаржы институттарының өз міндеттемелерін орындай алмауына байланысты жүйелік тәуекелдер;
- валюта бағамдарының, пайыздық мөлшерлемелердің ауытқуларына байланысты нарықтық тәуекелдер;
- мәміле бойынша контрагенттер тарапынан қабылданған міндеттемелерді орындамау мүмкіндігімен байланысты кредиттік тәуекелдер;
- қолайлы бағалар бойынша активтерді сату мүмкіндігінің болмауымен байланысты нарықтық өтімділік тәуекелі;
- транзакцияларды өңдеу кезінде пайдаланылатын жабдық пен бағдарламалық қамтамасыз етудің дұрыс жұмыс істемеу мүмкіндігімен байланысты операциялық тәуекелдердің негіздері
- қолданыстағы заңнаманың өзгеруінің болжамсыздығына, сондай-ақ қор нарығындағы қатынастарды реттейтін заңдардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жетілмегендігіне байланысты реттеушілік тәуекелдер;
- табиғи катаклизмдер мен әскери іс-қимылдар сияқты форс-мажорлық мән-жайлардың туындау тәуекелдері.

6. СЫЙАҚЫ ТАҒАЙЫНДАУ САЯСАТЫ

6.1 Инвестициялық портфельді басқарушыға төленетін комиссиялық төлемнің сомасы жыл сайын инвестициялық портфельді басқарушының Директорлар кеңесімен бекітіліп, ҚР Ұлттық зейнетақы қорында ресми сайтта жарияланады, бұл ретте комиссиялық төлемнің сомасы Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 58-бабының 3-тармақшасында белгіленген ең жоғарғы сомадан аспауы тиіс.